

Н.Б. Серикбаева<sup>1</sup>, П.С. Рахимғалиева<sup>1</sup>, Ж.Т. Сулейменова<sup>2,\*</sup>

<sup>1</sup>Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей, Қазақстан;  
<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Zht\_sro@mail.ru)

## Цифрлық білімдік ортада студенттердің оқу мотивациясының қалыптасу ерекшеліктері

Мақала мазмұны цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты студенттердің оқу мотивациясының қалыптасу деңгейін салыстырмалы түрде талдауға бағытталған. Цифрландыру үдерісі адами капиталдың дамуын көздей отырып, студенттерді жоғары оқу орындарында қашықтықтан және дәстүрлі формада оқытуға мүмкіндік береді. Соңғы тәжірибелер көрсеткендей, республика бойынша студенттердің 75 % цифрлық құралдарды пайдалану іскерлігін меңгерген, алайда онлайн білім алуға деген оқу мотивациялары төмен деңгейде. Зерттеу жұмысы аясында дәстүрлі формада оқитын және қашықтықтан онлайн білім алатын студенттердің оқу мотивациясы деңгейінің өзгеру ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыда талданды. Арнайы психодиагностикалық әдістердің көмегімен күндізгі бөлім мен қашықтықтан оқитын студенттердің жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясының қалыптасу ерекшеліктері бойынша нәтижелер алынды. Жоғары оқу орнының 125 студентінен алынған зерттеу нәтижелері қашықтықтан білім алуда студенттердің оқу мотивациясының бірқатар себептерге байланысты өзгеретіндігін көрсетті. Мақалада цифрлық орта жағдайында студенттердің оқу мотивациясының қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық және психологиялық факторларға сипаттама беріліп, алынған зерттеу нәтижелерінің сандық және сапалық талдауы ұсынылған.

*Кілт сөздер:* цифрландыру, цифрлық білімдік орта, кәсіптік даярлау, цифрлық құралдар, қашықтықтан оқыту, дәстүрлі оқыту, мотив, оқу мотивациясы, өзін-өзі реттеу.

### *Kipicne*

Ғаламдық кеңістікте цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы кез келген елдің білім беру саласына ықпал етіп, адами капиталдың сапасын арттыру бағытындағы кәсіби маман даярлау жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Цифрлық білім беру: оқу орнын басқарудың ақпараттық жүйелері; цифрлық білім беру мазмұны; білім берудің жеке траекториясы мен тұлғаның цифрлық сауаттылық деңгейін қамтиды. Білім алушылардың жеке бейімділік, мобильділік пен еркіндік негізінде үздіксіз түрде білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді; виртуальды кітапхана мен виртуальды зертхана жұмысын ұйымдастырып, білім беру ұйымдары арасындағы жеңіл коллаборация мүмкіндігін туғызады. Цифрлық кеңістік адамзаттың индустриалды даму сатысынан жаңа өркениеттік бейнесіне өту сәтінің динамикалық қалыптасу кезеңіндегі мәдени-әлеуметтік болмысы ретінде оқытушылар мен білім алушылардың өзара әрекеттестігін оңтайландырып, оқу-тәрбие үдерісін басқарудың мобильді құрылымын қалыптастырады. Бүгінгі күнде, еліміздегі жоғары оқу орындары ақпараттық жағынан құзыретті, цифрлық ресурстарды өзінің кәсіби іс әрекетінде тиімді пайдалана алатын болашақ мамандарды даярлауды көздейтін цифрлық білімдік ортаға айналды. Өлемдік деңгейдегі цифрлық дәуір, біздің елімізде де мемлекеттік саясатты жүргізудің басты даму жоспарына цифрландыруды енгізудің қажет екендігін көрсетті. Осыған орай, 2017 жылы Қазақстанда 5 негізгі бағытты іске асыратын «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, осы заң шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жеке тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мектептер мен кәсіптік білім беретін оқу орындарында цифрлық құзыреттілікті арттыру және адами капиталды дамыту көзделді.

Жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби іс-әрекет саласына сәйкес білім, іскерлік, дағдыны меңгеруі және сол әрекет тәсілдерін өмірде тәжірибелік, теориялық міндеттерді шешу кезінде пайдалана алу қабілетінің болуы маңызды шарт. Студенттерден негізгі құзыреттіліктер ретінде күтілетін нәтижелер қатарына: функционалдық сауаттылығы мен кез келген мәселені дұрыс шеше білу қасиеті; талдау жұмыстарын өз бетімен орындай алуы; атқарылатын қызметіне қарай мақсат қоя білуі; қызметін жоспарлай алуы; әрекетін жинақтай алуы; жұмыстарын қорытып, салыстырып, дәлелдеуі; өзін-өзі адекватты бағалауы; меңгерген білік, іскерлік, дағдысын тәжірибеде қолдана алуы және т.б. жатады.

Цифрлық білім қазіргі заманғы кәсіби маман даярлаудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған сандық түрде ұсынылған графикалық, мәтіндік, сандық, тілдік, музыкалық, бейне-фото және басқа да мәліметтен тұратын ақпарат көзі саналады. Цифрлық ортадағы білім беру ресурстарына: мультимедиалық дыбысталған презентациялар, сандық форматқа айналдырылған мәтіндер, интерактивті тапсырмалар мен белгілі бір тақырып бойынша тестілеу бағдарламасы, мәтіндік, цифрлық түрдегі оқу материалдары және т.б. жатқызуға болады.

Цифрландыру білім алушылардың ХХІ ғасырдағы қоғамға қажетті маңызды сапалары мен іскерліктерінің қалыптасуына: цифрлық ресурстарды пайдалана алу іскерлігі, ақпараттық жағынан сауатты болу, жаһандық деңгейде ойлана алу, ара қашықтыққа қарамай кез келген елдегі түрлі іс-шаралар мен ғылыми семинарға қатысу, үздіксіз түрде өздігінен білімін жетілдіру және шығармашылық міндеттерді орындау т.б. жағдай жасайды. Цифрлық білімдік ортаның артықшылықтарымен қатар, өзіндік кемшіліктері де жоқ емес. Цифрлық мүмкіндіктер белгілі бір деңгейде адамның коммуникативтік сөйлеу қабілеттерінің төмендеуіне, тұлғааралық қарым-қатынастың түрлі әлеуметтік желілердегі виртуальды байланысқа ауысуына, эмоционалды көңіл-күйді түрлі белгілер арқылы білдіруге, студенттің көлемді ақпараттарды қабылдау қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының бұзылуына, экранға деген тәуелділіктің қалыптасуы, тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігінің сақталмауы, манипуляцияға тап болуы және т.б. алып келуі мүмкін.

Цифрлық білімдік орта мүмкіндіктері мен цифрлық ресурстардың қарқынды дамуы студенттерді қашықтықтан немесе аралас формада оқытуға жағдай жасайды. Қашықтықтан онлайн оқытудың дидактикасы студенттердің белсенділігіне, ішкі мотивациясына және қажетті білімді алуға деген саналы ұмтылысына бағдарланады, сол арқылы студенттердің ақыл-ой және тұлғалық жағынан даму деңгейлері анықталады. Қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде білім алу өзіндік менеджмент дағдыларын меңгермеген, ақыл-ой еңбегі мәдениетін қалыптастырмаған, өзін-өзі реттеу және бақылау іскерліктерін игермеген студенттер үшін қиындық туғызады. Сондықтан да, тұрақты, ішкі мотивациясының қалыптасуы студенттердің оқу іс-әрекетінің нәтижелі орындалуына септігін тигізеді.

Цифрлық білімдік ортада кәсіби маман даярлаудың педагогикалық және психологиялық аспектілерін зерттеумен айналысқан ғалымдар мотивацияның қалыптасуына ерекше назар аударады. Ю.А. Дубровская [1] студенттерді онлайн оқытуда педагогикалық жағынан сүйемелдеу мәселесін зерттесе, Е.Г. Жданова [2] қашықтықтан оқыту технологиясында студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын айқындайды. Оқу іс-әрекетінің қозғаушы күші танымдық қажеттіліктер, мақсат, қызығушылық, ұмтылыс, идеалдар, ұмтылыстарды қамтитын мотивтер жүйесі болып табылады. Оқу іс-әрекетінде студенттердің белсенділігіне ішкі, сыртқы және тұлғалық факторлар әсерін тигізеді. Оқу мотивациясының ішкі көздеріне тұлғаның танымдық және әлеуметтік қажеттіліктері кіреді. Ал, сыртқы әсерлеріне оқу іс-әрекетіндегі талаптар, күтілулер және сыртқы мүмкіндіктер жатады. Студенттердің белсенділігіне ықпал ететін тұлғалық факторларға оқу іс-әрекетін белсендіретін жеке қызығушылықтар, қажеттіліктер, ұстанымдар, стереотиптер, өзін-өзі дамыту мен жетілдіру т.б. атап өтуге болады.

Э.Б. Новикова [3] қашықтықтан оқыту және жобалау әдістері негізінде студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыруды зерделейді. Оның зерттеулерінде мотивтердің екі түрлі сапасы қарастырылады: мазмұндық және динамикалық. Мазмұндық сапасы оқу іс-әрекетінің сипатына байланысты болады (саналылық, өз бетімен іздену, әрекеттілік, бірнеше пәндерге ынталану дәрежесі т.б.). Ал, динамикалық сапасы жеке тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктеріне тәуелді болады (мотивтің тұрақтылығы, мотивтің көріну деңгейі, бір мотивтен екіншісіне ауысу дәрежесі, мотивтердің эмоциялық көрінісі және т.б.).

Шетелдік ғалым А.К. Маркованың ғылыми-зерттеу жұмыстарында тұлғаның кәсіптік іс-әрекетінің нәтижелі орындалуына, қарым-қатынас мәдениетінің дамуына және стрестік жағдайларға тұрақты болуына септігін тигізетін *мотивациялық, еріктік және эмоциялық* ерекшеліктері аталып өтіледі:

- маманның кәсіби мотиві, мақсат-міндеттері, қажеттілігі, қызығушылығы, тұлғааралық қарым-қатынасты орнатуы, құндылық бағдары, өмірлік принциптері;
- жоғары нәтижелерге кәсіби талаптану, кәсіптік өзін-өзі анықтау және бағалау, өзіндік сана;
- маманның эмоциялық қалпы, психикалық күйлері, сезімдері, стресске төзімділігі;
- маманның кәсіби міндеттері мен қызметтері, өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттануы;

- кәсіби қабілеттер, білім мен іскерлікті арттыру, кәсіптік көтерілуге дайын болу;
- шығармашылық ойлау, тәжірибені арттыру, кәсіби құзыреттілікті жоғарылату [4; 29].

Педагогика және психология ғылымдарында мотивтерді, мотивацияны және тұлғаның бағыттылығын зерделеуге арналған бірқатар тұжырымдамалар мен теориялар белгілі. Дж.Келли, Д.Макклелланд және т.б. шетелдік ғалымдардың көзқарасы бойынша, мотивацияның қалыптасуына қоғамдық даму факторлары емес, туғаннан пайда болатын түрткілер маңызды деп есептелінеді. Оқу мотивациясы белгілі бір оқу іс-әрекетіне негізделген мотивацияның ерекше түрі ретінде қарастырылады. Жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивтері оқу сапасына әсерін тигізіп, оқу іс-әрекетін орындауға деген студенттердің белсенділігін өзгертеді [5; 296].

Ресейлік ғалымдардың зерттеулерінде (И.Л. Аристова, Т.О. Гордеева, Э.В. Синицына) мотивтер саналы қажеттілік, тұлғаның іс-әрекетімен байланысты құбылыс ретінде қарастырылып, оған әсер ететін биологиялық және әлеуметтік даму себептері талданады. Зерттеушілердің жұмыстарына сүйенсек, оқу мотивациясының қалыптасуына септігін тигізетін бірнеше маңызды факторларды атап өтуге болады. Атап айтқанда: білім беру жүйесінің жалпы сипаты; білім беру ұйымындағы педагогикалық үдерістің ұйымдастырылу деңгейі; студенттің жеке басына қатысты ерекшеліктер (жынысы, жасы, ақыл-ой даму деңгейі мен қабілеттері, өзін-өзі бағалауы, өзге қатарластарымен бірлесіп әрекет ете алуы мен қарым-қатынас құра білу іскерлігі т.б.); оқытушының тұлғалық ерекшеліктері және оның білім алушыларға, педагогикалық іс-әрекетке деген қатынасы; оқу пәнінің өзіндік ерекшеліктері және т.б. [6].

Отандық ғалым П.Б. Сейітқазының [7] зерттеуінде цифрлық білімдік орта жеке тұлғалардың функционалдық сауаттылығы мен кез келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетін; индуктивті және дедуктивті талдау жұмыстарын өз бетімен орындай алуын; атқарылатын қызметіне қарай мақсат қоя білуін; қызметін өз бетімен жоспарлай алуын; орындаған жұмыстарын қорытып, салыстырып, дәлелдеуін; өзін-өзі адекватты бағалауын; меңгерген білік, іскерлік, дағдысын тәжірибеде қолдана алуын және т.б. талап етеді деп көрсетілген. Ал, А.Ташетов [8] цифрлық технологиялар негізінде оқыту болашақ педагог мамандардың сыни ойлауын дамытуды, цифрлық сауаттылығын арттыруды қажет ететіндігін алға тартады.

Студенттердің оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде қалыптасуы оның ішкі және тұрақты мотивінсіз жүзеге аспайды. Оқу іс-әрекетінің мотивациясын дамыту мәселесі педагогика ғылымы үшін жаңа тақырып емес, бірақ цифрлық білімдік ортаның қалыптасып, жаңа оқыту технологияларының тәжірибеге енуіне оқу мотивациясын қайта зерделеудің маңыздылығын айшықтайды. Қашықтықтан оқыту үдерісінде студенттер мақсатты түрде, белсенді, жауапты түрде әрекет етпейтін болса оқу іс-әрекеті нәтижесіз болады. Сондықтан да, біз цифрлық білімдік ортадағы студенттердің оқу мотивациясының қалыптасу ерекшеліктерін эмпирикалық әдістер негізінде анықтауды мақсат еттік.

### *Негізгі бөлім*

Оқу мотивациясы іс-әрекетте қойылған мақсатқа жетудегі жетекші рөлді атқарады. Отандық зерттеу жұмыстарында қашықтықтан оқыту жүйесі қолданылғанымен, дәстүрлі және қашықтықтан оқыту формасындағы студенттердің мотивациялық ерекшеліктерін салыстырмалы талдауға бағытталған еңбектер кездеспейді. Біз жоғары оқу орны студенттерін негізгі нысанға ала отырып, қашықтықтан және күндізгі бөлімде оқитын студенттердің оқу мотивациясының (жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу) деңгейлерін анықтап, салыстырмалы түрде талдауды көздедік. Зерттеу аясында тәжірибелік ізденістерді жүзеге асыру үдерісінде теориялық зерттеу әдістерін, яғни психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау, салыстыру, индуктивті-дедуктивті талдауды жүзеге асырдық. Сондай-ақ, эмпирикалық әдіс ретінде сауалнама, студенттердің оқу іс-әрекетінің нәтижесін сараптау әдістері қолданылды.

Ғылыми әдебиеттерге талдау, білім беру мен ғылымдағы цифрландырудың 4 түрлі трендтің анықтауға мүмкіндік берді: цифрлық құралдар мен технологияларды дәстүрлі оқыту бағдарламасы мен оқу пәндеріне ендіру (аралас оқыту); онлайн білім беруді дамыту; виртуальды білім беру ортасын құру; білім беру ұйымдарын басқару бағдарының өзгеруі. Осы трендтер қашықтықтан оқыту жүйесінде келесідей платформалар мен қосымшалар арқылы жүзеге асырылды:

- Бейнелік платформалар (Microsoft Teams, Zoom, Skype, Webex, Google Meet және т.б.);
- Пошталық сервистер (Outlook, Gmail, Mail.ru және т.б.);

- Жылдам хабар алмасуға арналған қосымшалар (Slack, What's App, Telegram);
- Оқытуды басқару жүйелері (Moodle, Platonus және т.б).

Студенттердің оқу мотивациясының қалыптасу деңгейін анықтау олардың білім, іскерлік және дағдысына қойылатын негізгі талаптармен байланысты болды. Студенттердің кәсіби білім мен біліктілік көрсеткіштері мынадай деңгейлер бойынша анықталады: білім-танысу — студенттер пәндер бойынша теориялық білім алады, бірақ өз білімін тәжірибеде қолдануды білмейді; білім-репродукция — студенттер алған білімдерімен бөлісе алады, тасымалдайды, бірақ оны тәжірибеде пайдалану қиындық туындатады; білім-іскерлік — студенттер қажетті білімді алып, тәжірибелік іскерліктерді де меңгереді, білім-тасымалдау — студенттер өздігінен білімін жетілдіре алады және оны тәжірибеде қолдана алады [9].

Студенттердің мотивациялық компонентін анықтау үшін К.Замфирдің «Кәсіби іс-әрекет мотивациясын зерттеу» әдістемесі пайдаланылды. Бұл әдістеме кәсіби іс-әрекет мотивацияларын, оның ішінде педагогикалық іс-әрекет мотивацияларын диагностикалау үшін қолданылды. Тұлға үшін іс-әрекеттің өзі, жеке алғанда маңызды болған жағдайда мотивацияның ішкі типі туралы айтуға болады. К.Замфирдің әдістемесінде сыртқы мотивтердің өзі сыртқы оң және сыртқы теріс деп бөлінеді. Сыртқы оң мотивтер сыртқы теріс мотивтермен салыстырғанда барлық жағынан тиімді болып саналады. Әдістеме бойынша 7 түрлі кәсіби іс-әрекет мотивтері бес балдық шкаламен бағаланады. Алынған жауаптар әдістеменің кілтіне сәйкес ішкі мотивацияның (ІМ), сыртқы оң мотивацияның (СОМ) және сыртқы теріс мотивацияның (СТМ) көрсеткіштері есептеледі [10].

Алынған нәтижелердің негізінде тұлғаның мотивациялық кешені анықталды. Мотивациялық кешен мотивацияның үш түрінен құралды: ІМ, СОМ және СТМ. Ең тиімді мотивациялық кешенге төмендегідей үйлесімділік типін жатқызуға болады: ІМ>СОМ>СТМ және ІМ=СОМ>СТМ. Ал, ең тиімсіз мотивациялық кешенге СТМ>СОМ>ІМ. Бұл кешендердің арасында тиімділік тұрғысынан аралық болатын басқа да мотивациялық кешендер болды. Әдістемені қолдану барысында мотивациялық кешеннің типін ғана емес, оның байқалу деңгейіне, мотивацияның бір түрінің екіншісінен қаншалықты басым екендігін анықтауға баса назар аударылды.

Сонымен қатар, студенттермен «Студенттің оқу үдерісін бағалауы» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнама студенттердің ішкі мотивациялық ерекшеліктері, жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивацияларының көрсеткішін, өзін-өзі реттеу және бақылау дағдыларын анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнама қашықтықтан оқытудың әртүрлі аспектілерін, яғни оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру, техникалық сүйемелдеу, кері байланыс және т.б негізгі сұрақтарды қамтитын 50 сұрақтан құралды. Сауалнамаға жалпы саны педагогикалық бағыттағы мамандықтардың 125 студенті қатысты.

Зерттеу жұмыстары аясында студенттердің оқу үлгеріміне салыстырмалы талдау жасауды да мақсат еттік. Сондықтан да, қосымша білім алушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін сараптау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу базасы ретінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті таңдалды. Зерттеуге алынған 125 студенттің 63 дәстүрлі (күндізгі) бөлімде, 62 қашықтықтан білім алады. Зерттеу жұмыстары кезінде кейбір әдістемелер «Zoom Video Communications» коммуникациялық бағдарламасын қолдану негізінде онлайн түрде жүзеге асырылды.

Төмендегі 1-ші кестеде дәстүрлі бөлімде және қашықтықтан оқитын 2 курс студенттерінің оқу мотивтерінің қалыптасуының салыстырмалы кестесі көрсетілген.

К е с т е 1

**Дәстүрлі бөлімде және қашықтықтан оқитын студенттердің  
оқу мотивациясының салыстырмалы талдауы**

№	Оқу мотивтері	Дәстүрлі бөлімде оқу (%)	Қашықтықтан білім алу (%)
1	Сәтсіздіктен қашу мотивациясы	6,1	15,2
2	Жетістікке жету мотивациясының анық көрінбеуі	52,6	47,4
3	Жетістікке жету мотивациясы	41,3	37,4

«Студенттің оқу үдерісін бағалауы» атты сауалнама нәтижелерін талдау біздерге студенттердің оқу мотивациясының қалыптасу ерекшеліктерінің бірнеше аспектілер бойынша талдауға жағдай

жасады. Зерттеу жұмыстары бойынша анықталғандай, студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясының қалыптасу деңгейіне оқыту формасының дәстүрлі немесе қашықтықтан ұйымдастырылуы, сондай-ақ, студенттің тұлғалық бағыттылығы ықпалын тигізеді. Респонденттердің 44 % қашықтықтан оқыту жүйесін тиімді деп бағаласа, 43 % дәстүрлі формада білім алуды нәтижелі болады деп санайды. Ал, сауалнамаға қатысқан студенттердің 13 % аралас формада білім алуды құптайды, яғни дәріс пен теориялық сабақтарды онлайн, ал зертханалық және тәжірибелік сабақтарды оқытушымен тікелей қарым-қатынас жасай отырып, дәстүрлі формада оқу тиімді болады есептейді.

Алынған нәтижелерге сәйкес, қашықтықтан оқыту студенттердің өз бетімен ізденуіне, оқу тапсырмасын өздігінен орындауына негізделгендіктен онлайн оқитын студенттердің өзін-өзі бақылау және реттеу іскерліктері анық байқалды. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқытушылар студенттерге барлық дидактикалық оқу материалдарын техникалық құралдардың көмегін пайдалана отырып көрсетуге мүмкіндік алады. Осыған орай, қашықтықтан оқитын студенттердің сәтсіздіктен қашу мотивациясы 13,2 % нәтижені көрсетсе, дәстүрлі білім алатын студенттерде нәтиже 6,1 % болды. Қашықтықтан оқитын студенттердің 47,4 %-да жетістікке жету мотивациясының анық көрінбеуі анықталғанымен, 37,4 %-да жетістікке жету мотивациясы басым екендігін көрсетті. Салыстырмалы түрде қарағанда, күндізгі бөлімде оқитын студенттерден 41,3 %-нан жетістікке жету мотивациясы деңгейі алынды. Алынған нәтижелерді талдай келе, қашықтықтан онлайн оқитын студенттердің жетістікке жету мотивациясына қарағанда, сәтсіздіктен қашу мотивациясы жоғары екендігі анықталды.

Отандық және шетелдік педагогика мен психологияда қазіргі уақытта оқу іс-әрекетіндегі мотивацияны түрлі аспектіде қарастыруға бағытталған эксперименттік зерттеу жұмыстары бар. Бірақ, бұл бағытта ғалымдардың пікірі мен ойы үнемі бір жерден шыға бермейді және көбінесе қарама-қайшы сипатқа ие. Студенттердің оқу мотивациясының қалыптасуы көптеген психологиялық факторларға тәуелді келеді: олардың жеке даралық ерекшеліктеріне, референттік топтардың сипаттамаларына, студенттік ұжымның даму деңгейіне және т.б. Сонымен қатар, студенттердің мінез-құлық мотивациясы олардың құндылық бағдарының, ұстанымдарының, әлеуметтік орта көзқарастарының көрінісі болып табылады. Сол үшін де, білім алушының табысты оқу іс-әрекеттері олардың мотивтерінің күрделі құрылымына байланысты болып келеді.

Төмендегі 2-ші кестеде дәстүрлі (күндізгі) және қашықтықтан оқитын студенттердің оқу мотивациясы, жетістікке жету және өзін-өзі реттеу мотивациясының қалыптасу ерекшеліктерінің салыстырмалы талдауы берілген.

К е с т е 2

**Дәстүрлі және қашықтықтан оқитын студенттердің оқу мотивациясы мен жетістікке жету және өзін-өзі реттеу мотивациясының қалыптасу ерекшеліктері**

Оқыту формасы	Оқу мотивациясы	Жетістікке жету мотивациясы	Өзін-өзі реттеу
Қашықтықтан оқитын студенттер	- кәсіпті меңгеру; - диплом алу; - сәтсіздіктерден қашу; - кәсіптік мотивтер	- жетістікке жетуге ұмтылудың төменгі көрсеткіші; - өздік жұмыстарды орындау мен еркін әрекет етудің жоғары көрсеткіші	- «икемділік», «мобильдік» шкаласы бойынша жоғары көрсеткіш; - өзін-өзі бақылаудың жоғары деңгейі; - өзгелермен жабық түрде бәсекелестікке түсу; - жауаптылық сияқты тұлғалық сапалардың аса қатты көрінбеуі
Дәстүрлі формада оқитын студенттер	- кәсіби білімдерді меңгеру мотиві, - танымдық және оқу-танымдық мотивтерінің жоғарғы деңгейі; - коммуникативті және әлеуметтік мотивтер	- үнемі қозғалыста болу; - қорқыныш, үрейдің болмауы; - мақсаттарды айқын қою және өз-өзіне деген сенімділік; - статуска бағдарлану, - табандылық және өз-өзін бақылауда ұстау	- «икемділік», «мобильдік» шкаласы бойынша төмен көрсеткіш; - моделдеу; - нәтижелерді бағалау

Қашықтықтан оқитын студенттердің оқу мотивациясы дәстүрлі формада оқитын білім алушылардікімен салыстырғанда кәсіпті меңгеру, диплом алуға, өзін-өзі дәлелдеуге көбірек

бағдарланады. Сәйкесінше, дәстүрлі формада оқытушылармен «субъект-субъект» қарым-қатынасында студенттердің оқу-танымдық мотивтері нәтижелі дамиды, сондай-ақ өзара тікелей әрекеттесу коммуникативтік және әлеуметтік мотивтерінің қалыптасуына оңтайлы мүмкіндіктер туындатады.

Оқу іс-әрекетін нәтижелі атқаруда жетістікке жету мотивациясы маңызды рөл атқарады. Қашықтықтан оқитын студенттерде жетістікке жетуге қарағанда, сәтсіздіктен қашу мотивациялары жоғары көрсеткіштерге ие. Сәйкесінше, оларда өздік жұмыстарды орындау мен еркін әрекет етудің жоғары көрсеткіші байқалады. Ал, дәстүрлі формада білім алатын студенттердің мақсатты айқын қою, статуска бағдарлану, табандылық көрсету сияқты негізгі тұлғалық сапалары қалыптасады.

Дәстүрлі формада оқитын студенттердің қашықтықтан оқитын студенттермен салыстырғандағы негізгі айырмашылығы өзін-өзі реттеу барысында анық байқалады. Онлайн оқитын студенттер «икемділік», «мобильдік» дәрежесі бойынша жоғары көрсеткішке ие, сондай-ақ оларда өзін-өзі бақылаудың жоғары деңгейі, өзгелермен жабық түрде бәсекелестікке түсу сияқты белгілер анықталды. Қашықтықтан оқитын студенттердің сыртқы және ішкі жағдайларға сәйкес жылдам икемделу, өзін-өзі реттеу көрсеткіштері жоғары. Онлайн оқыту студенттердің жетістікке жетуге деген мотивациясының қалыптасуына тиімді жағдай жасайды, алайда білім алушының жеке тұлғалық сапаларының дамуына әсерін тигізбейді.

Жетістікке жету мотивациясы бойынша дәстүрлі формада оқитын студенттерде: үнемі қозғалыста болу; мақсаттарды айқын қою және өз-өзіне деген сенімділік; статуска бағдарлану, табандылық және өз-өзін бақылауда ұстау т.б байқалды. Ал, онлайн оқитын студенттерде өздік жұмыстарды орындау мен еркін әрекет ету дағдылары бойынша жоғары нәтижелер алынды.

Педагогикалық-психологиялық зерттеу материалдарын талдау кәсіби құзыретті маман тұлғасын даярлауда оқу мотивациясының жетекші рөл атқаратындығын көрсетті. Қазіргі цифрлық білімдік ортада қашықтықтан оқыту технологиясын тиімді пайдалану алдыңғы қатарға шығып отыр. Сондықтан да, дәстүрлі формада білім алатын студенттер мен қашықтықтан оқитын студенттердің мотивациялық ерекшеліктерін салыстырмалы талдау онлайн оқыту жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері дәстүрлі және қашықтықтан білім алатын студенттердің мотивациясының қалыптасуында бірқатар айырмашылықтар болатындығын көрсетті.

#### *Қорытынды*

Цифрлық білімдік ортада студенттердің мотивациялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық жағынан талдау төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

– Қашықтықтан онлайн білім алатын студенттер мен дәстүрлі формада оқитын студенттердің оқу мотивациясында бірқатар айырмашылықтар болады. Қашықтықтан оқитын студенттердің мотивациясының құрылымында диплом алу және кәсіпті меңгеруге бағытталған мотивтер жетекші мәнге ие болады. Сондай-ақ, онлайн оқитын студенттердің танымдық және оқу-танымдық мотивтері дәстүрлі бөлімдегілермен салыстырғанда төмен нәтижелерді көрсетеді.

– Қашықтықтан оқыту жүйесінде студенттердің жетістікке жету мотивациясы төмендейді, сәйкесінше, сәтсіздіктен қашу мотивациясы жоғарылайды. Онлайн білім алу студенттердің тайм-менеджментті игеруін, соңғы нәтижеге қарай бағдарлануын талап етеді. Оқу үдерісін ұйымдастыру формалары студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясының қалыптасуына маңызды себеп-салдарлық рөлді атқарады. Бұл, өз кезегінде болашақ мамандардың ішкі мотивация басымдықтарын анықтауында көрініс табады.

– Қашықтықтан оқитын студенттердің дәстүрлі бөлімдегі студенттерге қарағанда тағы бір маңызды айырмашылығы олардың «мобильділігі». Онлайн оқитын студенттерде сыртқы және ішкі жағдайларға сәйкес жылдам икемделу, өзін-өзі реттеу көрсеткіштері жоғары. Сондай-ақ, олардың мотивациясы бәсекелестікке ұмтылуға негізделген. Аталған мотивация негізінен әлеуметтік өзара әрекеттестік нәтижесінде қалыптасады. Қашықтықтан оқитын студенттердің жетістікке жетуде маңызды болып саналатын тұлғалық сапалары төмен деңгейде қалыптасады. Ең негізгісі, қашықтықтан оқитын студенттерде тапсырманы өз бетімен орындау мен еркін әрекет ету және өзін-өзі бақылау жоғары деңгейде жүзеге асады.

– Цифрлық білімдік ортада студенттердің оқу мотивациясын арттыруда: оқу үдерісінің жүйелі, сапалы ұйымдастырылуы, пәндерді оқытуда жаңа цифрлық технология мүмкіндіктерінің кеңінен қолданылуы, оқытушылардың студенттерге деген жағымды қатынасы, арадағы

коммуникативтік қарым-қатынас мәдениетінің сақталуы, студенттердің қызығушылықтары мен ұмтылыстарына, бастамаларына қолдау көрсету т.б тиімді болады және оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Дубровская Ю.А. Педагогическое сопровождение самообразования студентов в условиях дистанционного обучения: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 — «Общая педагогика, история педагогики и образования» / Ю.А. Дубровская. — СПб., 2005. — 18 с.
- 2 Жданова Е.Г. Педагогические условия формирования умений самостоятельной деятельности студентов образовательных учреждений СПО средствами дистанционного обучения: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 — «Общая педагогика, история педагогики и образования» / Е.Г. Жданова. — Воронеж, 2007. — 199 с.
- 3 Новикова Э.Б. Организация самостоятельной работы студентов на основе дистанционного обучения и метода проектов: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08 — «Теория и методика профессионального образования» / Э.Б. Новикова. — М., 2009. — 21 с.
- 4 Маркова А.К. Психология профессионализма / А.К. Маркова. — М.: Междунар. гуманитар. фонд «Знание», 1996. — 308 с.
- 5 Uddin M.A. Distance education in Russia: development and implementation of distance education program at the Moscow State University of Psychology and Education (MSUPE) / M.A. Uddin, B.B. Aysmontas // Психология образования в XXI веке: теория и практика. — Волгоград, 2011. — С. 296–299.
- 6 Аристова И.Л. Общая психология: мотивация, эмоция, воля / И.Л. Аристова. — Владивосток: Дальневост. гос. ун-т, 2003. — 104 с.
- 7 Seytkazy P.B., Akeshova M.M., Tashetov A.A. Formation of professional competence of the future specialists through information-telecommunication technologies // Materials of the 8th International Scientific and Practical Conference «Education: Traditions and Innovations». — Prague, 2015. — P. 459–461.
- 8 Rakisheva G. Tools of Adaptation in the Context of Globalization of Future Teachers: Transcultural Competence / G. Rakisheva, A. Abdirkenova, A. Abibulayeva, P. Seiitkazy, A. Tazhetov // Entomology and Applied Science Letters. — India, 2018. — Vol. 5, Issue 3. — P. 106–112.
- 9 Ильин Е.П. Мотивация и мотивы / Е.П. Ильин. — СПб.: Питер, 2008. — 512 с.
- 10 Ушамирская Г.Ф. Интернационализация социальных ролей учащейся и студенческой молодежи / Г.Ф. Ушамирская. — Волгоград: Изд-во ВолГУ, 2002. — 170 с.

Н.Б. Серикбаева, П.С. Рахимгалиева, Ж.Т. Сулейменова

### **Особенности формирования учебной мотивации студентов в цифровой образовательной среде**

Содержание статьи направлено на сравнительный анализ уровня сформированности учебной мотивации студентов в соответствии с развитием цифровых технологий. Процесс цифровизации позволит обучать студентов в высших учебных заведениях дистанционно и в традиционной форме, предусмотрев развитие человеческого капитала. Недавний опыт показывает, что 75 % студентов владеют умением использовать цифровые инструменты, однако учебная мотивация к онлайн обучению находится на низком уровне. Наша исследовательская работа была направлена на выявление особенностей изменения уровня учебной мотивации студентов в дистанционном онлайн обучении по сравнению с очным обучением. Проведен сравнительный анализ особенностей формирования мотивации учащихся с помощью психодиагностических методов. Результаты исследования 125 студентов вуза показали, что мотивация студентов к обучению в дистанционном режиме различается по ряду причин. В статье описаны педагогические и психологические факторы, способствующие формированию учебной мотивации студентов в цифровой среде, и представлен количественный анализ результатов исследования.

*Ключевые слова:* цифровизация, цифровая образовательная среда, профессиональная подготовка, цифровые ресурсы, дистанционное обучение, традиционное обучение, мотив, учебная мотивация, саморегуляция.

N.B. Serikbayeva, P.S. Rakhimgalieva, Zh.T. Suleimenova

## Features of the formation of educational motivation of students in a digital educational environment

The content of the article is aimed at a comparative analysis of the level of formation of educational motivation of students in accordance with the development of digital technologies. The digitalization process will make it possible to teach students in higher educational institutions remotely and in traditional form, providing for the development of human capital. Recent experience shows that 75 % of students are proficient in using digital tools, but academic motivation to study online is low. Our research was aimed at identifying the features of the change in the level of educational motivation of students in distance online learning compared to full-time education. A comparative analysis of the features of the formation of students' motivation using psychodiagnostic methods is carried out. The results of a study of 125 university students showed that the motivation of students to study remotely differs for a number of reasons. The article describes the pedagogical and psychological factors that contribute to the formation of educational motivation of students in a digital environment, and provides a quantitative analysis of the research results.

*Keywords:* digitalization, digital educational environment, professional training, digital resources, distance learning, traditional learning, motive, educational motivation, self-regulation.

### References

- 1 Dubrovskaya, Yu.A. (2005). Pedagogicheskoe soprovozhdenie samoobrazovaniya studentov v usloviakh distantsionnogo obucheniya [Pedagogical support of self-education of students in the context of distance learning]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Saint Petersburg [in Russian].
- 2 Zhdanova, E.G. (2007). Pedagogicheskie usloviya formirovaniya umeniy samostoiatelnoi deiatelnosti studentov obrazovatelnykh uchrezhdenii SPO sredstvami distantsionnogo obucheniya [Pedagogical conditions for the formation of skills of independent activity of students of educational institutions of secondary vocational education by means of distance learning]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Voronezh [in Russian].
- 3 Novikova, E. B. (2009). Organizatsiya samostoiatelnoi raboty studentov na osnove distantsionnogo obucheniya i metoda proektov [Organization of students' independent work based on distance learning and the project method]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 4 Markova, A.K. (1996). Psikhologiya professionalizma [Problems of professional training]. Moscow: *Mezhdunarodnyi gumanitarnyi fond* [in Russian].
- 5 Uddin, M.A., & Aysmontas, V.V. (2011). Distance education in Russia: development and implementation of distance education program at the Moscow State University of Psychology and Education (MSUPE). *Psikhologiya obrazovaniya v XXI veke: teoriya i praktika*, 2, 296–299.
- 6 Aristova I.L. (2003). *Obshchaya psikhologiya: motivatsiya, emotsiya, voliya* [General psychology: motivation, emotion, will]. Vladivostok: Dalnevostochnyi gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 7 Seytkazy, P.B., Akeshova, M.M., & Tashetov, A.A. (2011). Formation of professional competence of the future specialists through information-telecommunication technologies. *Materials of the 8th International Scientific and Practical Conference "Education: Traditions and Innovations"*, 459–461.
- 8 Rakisheva, G., Abdirkenova, A., Abibulayeva, A., Seitkazy, P., & Tazhetov, A. (2018). Tools of Adaptation in the Context of Globalization of Future Teachers: Transcultural Competence. *Entomology and Applied Science Letters*, 3, 106–112.
- 9 Ilin, E.P. (2008). *Motivatsiya i motivy* [Motives and motivation]. Saint Petersburg: Piter [in Russian].
- 10 Ushamirskaya, G.F. (2002). *Internatsionalizatsiya sotsialnykh rolei uchashcheisia i studencheskoi molodezhi* [Motives and motivation]. Volgograd: Izdatelstvo Volhogradskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].